

органдарының және депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

2 тарау. Аудандық мәслихат үшін бекітілген негізгі талаптар мен шектеулер

5. Аудандық мәслихат өзінің қызметінде міндетті.

1) Жалпы мемлекеттік ішкі және сыртқы, қаржы және инвестициялық саясатқа сәйкес емес шешімдердің қабылдануын болдырмау.

2) Ұлттық саясатты қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүддесін сақтау.

3) Қоғамдық маңызды қызмет саласында бекітілген жалпы мемлекеттік стандарттарын ұстау.

4) Азаматтардың құқығын және заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету.

6. Аудандық мәслихатқа, Қазақстан Республикасы шегінде қызметтердің және тауарлардың еркін айырбасына, қаржының, капиталдың, еңбектің тұтас нарығының құрылуына қайшы келетін шешімдерді қабылдауға тыйым салу.

7. Аудандық мәслихат қабылдаған ауданның даму жоспары Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарына сәйкес болуы керек.

8. Аудандық мәслихат қызметі сұрақтарды ұжымды және еркін талқылауда, шешуде, жарияда, олармен құрылған органдар аудандық мәслихат алдында есеп беруде және жауапкершілікте, тағайындалған немесе сайланған қызметтік тұлғалар заңдылықта, ауданда қоғамдық және мемлекеттік істерді басқаруға азаматтарды кеңінен тартуда, қоғам пікірлерін үнемі есепке алуда негізделеді.

9. Аудандық мәслихат қызметінде депутатқа тиімді және кедергісіз өзінің құқығын және міндетін жүзеге асыру үшін "ҚР жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңымен бекітілген, нақты тәртіппен және басқа да заңды актілермен жағдай қамтамасыз етіледі. Аудандық мәслихат өзінің сессияда бекітілген болашақ жоспарға сәйкес жүргізеді.

3 тарау. Аудандық мәслихатының құзыры

10. Аудандық мәслихаттың құзырына жатады:

1) Жергілікті бюджет және оларды орындау, ауданды дамыту әлеуметтік бағдарламаларын, жоспарларын бекіту.

2) Қоршаған ортаны қорғау бойынша және аудан маңында табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны сауықтыру және қорғау бойынша шығындар бағдарламаларын бекіту және сол сияқты облыста қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарымен сәйкес басқа да сұрақтарды шешу.

3) Аудандық әкімінің ұсынысы бойынша ауданның сызбасын бекіту.

4) Аудандық құру сұрақтарын енгізуіне және жергілікті қоғамдастық ұйымдастыру шектерін анықтауға жататын шешімдер.

5) Аудандық әкімнің ұсынысы бойынша аудандық әкімдіктің арнайы құрамымен аудандық мәслихаттың шешімімен келісімі.

6) Атқарушы органдар жетекшілерінің есебін қарастыру және сәйкес органдарға ұсыну және мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларын, сол сияқты аудандық мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін ұйымдарды жауапкершілікке тарту.

7) Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес азаматтар мүддесінің заңдылықтарын және құқықтарын қамтамасыз ету бойынша өкілеттерін жүзеге асыру.

8) Ережелерді бекіту әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген.

9) Аудандық бюджет, ауданның даму экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жоспарларын орындауға бақылау.

10) Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясын және басқа органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерін тыңдау, аудандық мәслихаттың жұмыстарын ұйымдастырумен байланысты басқа сұрақтарды шешу.

11) Кедейлікпен күрес және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бағдарламаларын бекіту.

12) Ведомствоаралық түрдегі мәселелер бойынша аудан әкімдігі жанында консультативті-кеңестік органдарының арнайы құрамын аудан әкімінің ұсынысы бойынша бекіту.

13) Қазақстан Республикасының жер заңдылықтарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру.

14) Азаматтармен және ұйымдармен Қазақстан Республикасы Конституция нормаларын, заңдарын, Президент және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың нормативті құқықтық актілерін орындауға жәрдемдесу.

15) Қазақстан Республикасының заңды актілерімен бекітілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру.

11. Аудандық мәслихат құзырына, сол сияқты аудан маңында орналасқан ауылдар, селолар, қалалар құрылысының бас жоспарларын бекіту жатады.

12. Аудандық мәслихат сәйкес аймақтық, округтік, учаскелік комиссия сайлайды.

4 тарау. Аудандық мәслихат актілері

13. Өзінің құзыреттік мәселесі бойынша ол шығаратын аудандық мәслихат актілері аудандық мәслихат шешімдері болып табылады.

14. Аудандық бюджет кірісінің азаюын және аудандық шығын бюджетінің көбеюін қарастыратын аудандық мәслихат шешімдерінің жобалары қарастыруға тек аудан әкімінің жағымды қорытындысы бар болғанда енгізіледі.

15. Азаматтар міндеттеріне, құқыларына және еріктеріне қатысты және оның біліктілік шегінде қабылданған аудандық мәслихатының шешімдері аудан аумағында орындауға міндетті және бекітілген заң тәртібімен арнайы жариялауға ж а т а д ы .

16. Жалпы міндетті маңызды, ведомствоаралық түрдегі немесе азаматтар міндеттеріне, құқығына және еркіне қатысты аудандық мәслихат шешімдері аудандық мәслихатпен немесе сот тәртібімен Ақмола облысы Әділет басқармасында бекітілген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады.

17. Қазақстан Республикасын заңдылығына және Конституцияға сәйкес келмейтін аудандық мәслихат шешімдері аудандық мәслихатпен немесе сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

5 тарау. Аудандық мәслихат жұмысын ұйымдастыру

18. Аудандық мәслихат өз өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекіткен тәртіпте ұдайы жұмыс істейтін комиссиялар және өзге органдар, аудандық мәслихат сессиясының төрағасы, депутаттар және аудандық мәслихат хатшысы арқылы жүзеге асырады.

19. Аудандық мәслихат қызметінің негізгі нысаны заңмен жүргізуге жататын сұрақтарды шешетін сессия болып табылады. Егер сессияға сайланған депутаттар санының үштен екісінен аз емес депутаттар қатысса, аудандық мәслихат сессиясы құқылы.

20. Аудандық мәслихат:

1) Аудандық мәслихат сессиясының төрағасын, мәслихат хатшысын сайлайды және міндетінен босатады және олардың есептерін тыңдайды.

2) Ұдайы жұмыс істейтін комиссияларды және өзге органдарды құрады, төрағасын және мәслихат хатшысын сайлайды және міндетінен босатады және олардың жұмыстары туралы есептерін тыңдайды.

3) Аудандық мәслихат қызметін қамтамасыз етуге арналған шығындарды айқындайды, тексеру комиссиясының актілерін бекітеді.

4) Аудандық мәслихат аппаратының құрылымдарын бекітеді және оны ұстауға бекітілген заңды ассигнования және сан лимитінің шегінде материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету шығындарын анықтайды. Аудандық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметкерлерінің штаттық сан

лимиті аудандық мәслихат депутаттарының саны негізге алынып, жеті депутатқа бір қызметкер қатынасында, бірақ үштен кем емес; яғни 3 мемлекеттік қызметкер, аудандық мәслихат депутаттар санынан шығып бекітіледі.

5) Аудандық мәслихат тәртібі бекітіледі.

6) Депутаттар сұраныстары қаралады, олармен шешім қабылданады.

7) Оның жұмысын ұйымдастыру бойынша басқа шешімдер қабылданады.

6 тарау. Аудандық мәслихат сессиясының қырылымының тәртібі

21. Қайта сайланған аудандық мәслихатының бірінші сессиясын аудандық сайлау комиссиясының төрағасы мәслихат депутаттарын тіркеу күнінен 30 күндік мерзімнен кешіктірмей, аудандық мәслихат үшін белгіленген депутаттар санынан 3-4 кем болмаған жағдайда шақырылады.

22. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы жылына төрт реттен сирек емес және аудандық мәслихат сессиясының төрағасымен жүргізіледі. Кезектен тыс сессия осы мәслихатқа сайланған үштен бірінен кем емес депутаттар санының, сол сияқты аудан әкімінің ұсынысы бойынша шақырылады және аудандық мәслихаттың сессия төрағасымен жүргізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы тікелей кезексіз сессия жүргізуі туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес күннен кеш емес мерзімде шақырылады. Кезектен тыс сессияда шақыру үшін негіз болған мәселелер ғана қарастырылады.

23. Аудандық мәслихаттың сессиясының өтуі және өткізілетін жері туралы, сол сияқты сессияға қарастырылуға енгізілген сұрақтары туралы, аудандық мәслихаттың хатшысы депутаттарға, халыққа, аудан әкіміне 10 күн қалғанда хабарлайды, ал кезектен тыс сессия шақырылымында 3 күннен кеш емес депутаттарға және аудан әкіміне қажетті материалдар ұсынылады.

24. Аудандық мәслихатқа қарастыруға мәселелер аудандық сессия төрағасымен, тұрақты және басқа комиссиялармен, депутаттық топтармен және депутаттармен, аудан әкімімен енгізіледі.

25. Сессияның күн тәртібіне ұсыныстар аудандық мәслихат сессиясының төрағасына Үкіметтің жоғарғы органдарымен немесе басқармасымен, қоғамдық бірлестіктермен ұсынылуы мүмкін.

26. Аудандық мәслихат сессиясының күн тәртібіне түскен ұсыныстарды қосу туралы мәселелер сессияда қатысқандармен депутаттар санынан дауыстың көптігімен ашық дауыс беру жолымен шешіледі.

7 тарау. Аудандық мәслихат сессиясын жүргізу тәртібі

27. Аудандық сессия мәслихаты пленарлық отырыс формасында өткізіледі.

28. Бірінші аудандық мәслихат сессиясын ашады және аудандық мәслихат сессиясының төрағасын сайлағанға аудандық сайлау комиссиясының төрағасы жүргізеді. Әрі қарай мәслихат сессиясын аудандық мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.

29. Аудандық мәслихат сессиясы егер жалпы аудандық мәслихат депутаттар санынан екіден үшінен кем емес қатысса құқықты.

30. Аудандық мәслихат сессиясына қатысқан депутаттар санынан дауыстың көптігімен шешім қабылданады.

31. Аудандық мәслихат сессиясында жұмыс мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.

32. Аудандық мәслихат шешімі бойынша сессия жұмысында он бес күнтізбелік күннен аспайтын аудандық мәслихатпен бекітілген үзіліс жасалуы мүмкін.

33. Отырыстың басталу және аяқталу уақыты аудандық мәслихат сессиясы төрағасының ұсынысы бойынша сессиямен бекітіледі. Баяндама үшін уақыт 45 минут шегіне дейін, қосымша баяндамаларға 15 минутқа дейін беріледі. Баяндамашылардың күн тәртібінде талқыланған сұрақтардың жарыс сөзі 7 минутқа дейін, сол сияқты шешімдердің жеке пункттерін талқылауда баяндама үшін - 5 минут. Кандидатура бойынша баяндама, отырыс тәртібін енгізу, дауыс беру дәлелі, өтініштер үшін, тапсырыстар, ұсыныстар, хабарламалар және анықтамалар енгізу үшін - 3 минут. Депутаттардың көпшілігінің келісімімен төрағалық етуші баяндама үшін уақытты ұзартуы мүмкін. Сұраныстарға жауап үшін 10 минут, ал сұраққа - 5 минутқа дейін.

34. Жарыссөзде баяндама үшін сөз беру туралы өтініш сессияның төрағалығына жолданады.

Аудандық мәслихаттың депутаттары сессияда төрағалық етуші сөз бергеннен кейін сөйлейді.

Төрағалық етуші жарыссөзде қатысу үшін өтініш түскен тәртіпте сөз береді. Қажетті жағдайда сессия төрағасы өзгеру себебін жариялаумен баяндама кезегінің тәртібін бұзуы мүмкін. Сессияны жүргізу тәртібі бойынша анықтама, сұранысқа жауаптар және түсініктер беру үшін төрағалық етушілерге сөз кезексіз берілуі мүмкін. Баяндамашыға сұрақтар жазбаша және орнында беріледі.

Сессия төрағасы, аудан әкімі немесе м.а., аудандық мәслихаттың хатшысы кез келген уақытта баяндама үшін сөз ала алады.

Баяндамашы сессияда өрескел сөздерді және дөрекі сөздерді қолдануларына болмайды, төрағалық етуші бұндай жағдайда осындай сөздерді қолданбауды ескертуіне құқылы.

Егер баяндамашы сөзді төрағалық етушінің рұқсатынсыз кезексіз алса, ол

сөзден ескертусіз айырылады.

Егер баяндаушы талқыланған мәселеден ауытқыса, төрағалық етуші оны талқыланатын мәселені ұстауға шақырады.

Егер шешен баяндама үшін берілген уақыттан асып кетсе, талқыланатын сұрақтан ауытқыса, сөз барысында дөрекі сөздерді қолданса, төрағалық етуші бірінші ескертуден кейін сөзден айырады.

Аудандық мәслихат сессиясы ереже бойынша ашық түрде болады. Сессияны жабық түрде жүргізу аудандық мәслихат шешімі бойынша немесе мәслихат сессиясына қатысқан депутаттар санынан үштен бірі, егер осы үшін қатысқан депутаттардың дауыстары көп болса рұқсат етіледі.

35. Аудан әкімі және оны ауыстырушы аудандық мәслихаттың және оның органдарының жабық отырыстарына қатысуға құқылы. Төралқада сессия өткізген кезде сессия төрағасынан басқа, аудан әкімі немесе оны ауыстырушы, мәслихат хатшысы қатысады, сол сияқты мәслихат шешімі бойынша басқа депутаттар және ресми адамдар сайлануы мүмкін.

36. Аудан маңындағы жергілікті атқарушы органдар жетекшілері және басқа ұйымдардың қызмет тұлғалары аудандық мәслихат сессиясына төрағасының шақыруы бойынша сессияны жүргізуге қатысты мәселелер бойынша ақпараттар беру үшін міндетті түрде келулері керек.

37. Жарыссөздің тоқтатылуы төрағалық етушінің ұсынысы, сессияға ашық дауыс беру жолымен қабылданған, қатысушы депутаттар санынан дауыс көпшілігі бойынша жүзеге асырылады.

38. Жарыссөз тоқтатылуына байланысты баяндамаға мүмкіндіктер болмағандар депутаттардың өтінулері бойынша олармен сессия төралқада берілген баяндама мәтіндері сессия материалдарына қосылады.

8 тарау. Аудандық мәслихаттың ұдайы жұмыс істейтін комиссияларының қызметі және ұйымдастыруы

39. Аудандық мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне ұдайы жұмыс істейтін комиссияларын құрады. Қажетті жағдайда мәслихат ұдайы жұмыс істейтін комиссияны жаңадан құра, тарата, қайта құра алады.

40. Ұдайы жұмыс істейтін комиссияларының тізбесі және сандық құрамы аудандық мәслихатпен анықталады. Ұдайы жұмыс істейтін комиссия төрағасы және оның мүшелері депутаттар санынан аудандық мәслихатпен сайланады. Ұдайы жұмыс істейтін комиссияны сайлаған кезде дауыс беру сессия шешімі бойынша комиссия құрамы бойынша толық немесе әр кандидатура бойынша

ж е к е

ж ү р г і з і л е д і .

41. Ұдайы жұмыс істейтін комиссия оларды сайлаған аудандық мәслихат алдында жауапты және жылына бір реттен өзінің қызметі туралы есеп береді.

9 тарау. Аудандық мәслихаттың ұдайы жұмыс істейтін комиссиясында көпшіліктік тыңдау

42. Ұдайы жұмыс істейтін комиссия жеке бастамасы немесе аудандық мәслихат шешімі бойынша көпшіліктік тыңдау өткізеді.

43. Көпшіліктік тыңдау азаматтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, ұйымдардың, жергілікті органдардың өзін-өзі басқару органдарының және атқарушы органдар өкілдерінің, депутаттардың қатысуларымен бұл комиссия отырыстарының кеңейтілген түрдегі ұдайы жұмыс істейтін комиссияның жүргізуіне жататын аса маңызды қоғамдық мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында жүргізіледі.

10 тарау. Аудандық мәслихаттың ұдайы жұмыс істейтін комиссияларының өкілеттері мен қызметтері

44. Ұдайы жұмыс істейтін комиссиялар құқылы:

1) Аудандық мәслихат сессиясының күн тәртібі бойынша аудандық мәслихат хатшысына, аудандық сессия төрағасына, мәслихатқа, сол сияқты аудандық мәслихат сессиясында қаралған кез-келген сұрақтар бойынша ұсыныстарды е н г і з у г е ;

2) Аудандық мәслихат сессиясында қарастыруға енгізілген және оларды жүргізуге қатысты сұрақтар бойынша қорытындылар беруге;

3) Аудандық мәслихат сессиясында жүргізуге қатысты мәселелер бойынша баяндамалар және қосымша баяндамаларды ұсынуға;

4) Өзінің құзыры шегінде аудандық мәслихатқа аудандық атқарушы органдары жетекшілерінің есептерін тыңдау туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Комиссия жұмысына аудандық мәслихаттың депутаттарын және сол сияқты өзге мемлекеттік органдарды, ұйымдарды, өзін-өзі басқарушы органдарды және азаматтарды тартуға;

45. Аудан әкімдігі, орталық атқарушы органдардың аймақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мен ұйымдар олардың құзырлары мәселесі бойынша бекітілген тәртіппен ұдайы жұмыс істейтін комиссияларға қажетті ақпараттар ұсынуға м і н д е т т і .

46. Аудандық мәслихаттың ұдайы жұмыс істейтін комиссиясы өзінің құзыреттер мәселесі бойынша қаулыларды қабылдайды.

11 тарау. Аудандық мәслихаттың ұдайы жұмыс істейтін комиссияларымен қаулыларды қабылдау және жұмыс тәртібі

47. Ұдайы жұмыс істейтін комиссия отырысы қажеттік шамасы бойынша шақырылады және егер оның құрамына кіретін депутаттардың санының жартысынан көбі қатысса құқықты заңды болып саналады.

48. Ұдайы жұмыс істейтін комиссиясының қаулысы комиссия мүшелерінің жалпы санынан дауыстың көптігіне қарай қабылданады. Тұрақты комиссия төрағасы егер комиссия отырысында депутаттар дауыс бергенде дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығын қолданады.

49. Ұдайы жұмыс істейтін комиссия қаулысына және отырыс хаттамаларына оның төрағасы қол қояды, ал ол бірнеше ұдайы жұмыс істейтін комиссиялармен бірге өткізген жағдайда сәйкес комиссия төрағалары қол қояды.

12 тарау. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясы

50. Аудандық бюджеттің орындалуын бақылау үшін аудандық мәслихат өзінің өкілетті мерзіміне тексеру комиссиясын сайлайды. Тексеру комиссиясы мүшелерінің саны аудандық мәслихатпен анықталады. Тексеру комиссиясының төрағасы депутаттар санына аудандық мәслихатпен сайланады.

51. Аудандық мәслихаттың тексеру комиссия төрағасы өзінің қызметін азат негізде жүзеге асырады.

52. Тексеру комиссиясының жұмысына келісім шарт негізіндегі тұлғалар, аудандық мәслихаттың болып табылмайтын тұлғалар да тартылулары мүмкін.

53. Тексеру аудандық мәслихат, тексеру комиссиясы шешімімен немесе аудандық мәслихат депутаттарының санының үштен бірінен кем емес депутаттар талабы бойынша аудандық мәслихаттың хатшысының шешімі бойынша, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен анықталған өзге жағдайларда өткізіледі. Тексерудің қорытындысы бойынша тексеру комиссиясы акт құрады, ол туралы аудандық мәслихат және аудандық әкімдікке хабарлайды. Тексеру бір жылда бір реттен сирек емес өткізіледі.

54. Аудандық мәслихат депутатына, тексеру комиссиясының төрағасы етіп азат негізінде сайланған жағдайда аудандық мәслихат аппаратының жетекшісі үшін бекітілген көлемде еңбекақы белгіленеді.

13 тарау. Аудандық мәслихатының уақытша комиссиялары

55. Аудандық мәслихатқа енгізуге қатысты мәселелерді сессияларда қарастыруға дайындау мақсатында, аудандық мәслихат немесе аудандық

мәслихат хатшысы уақытша комиссиялар құруға құқылы. Уақытша комиссиясының құқығы, өкілет мерзімі, міндеттері аудандық мәслихатпен оларды құраған кезде анықталады.

56. Аудандық мәслихаттың уақытша комиссиясы өзінің құзыры мәселесі бойынша қорытындылар қабылдайды.

57. Уақытша комиссия жұмысына қатысқаны үшін төлем жүзеге асырылмайды.

14 тарау. Аймақтық, округтік және учаскелік комиссияларын құру және сайлау

58. Сәйкес аймақтық, округтік және учаскелік комиссияларын құру және сайлау үшін мәслихатпен сайлау комиссиясы мүшелерін сайлаудың келесі тәртібі бекітіледі.

1) Сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау екі ай бұрын басталады және сайлау комиссиясының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін үш күннен кешікпей аяқталады.

2) Аудандық мәслихаттың хатшысы бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау комиссияларын құру туралы хабарлама жариялаған күнге дейінгі үш күннен кешіктірмей, өзінің өкімімен сайлау комиссиясының құрамын құру бойынша аппарат қызметкерлерінен және депутаттардан Жұмысшы тобын құрады.

Аудандық мәслихаттың Жұмысшы тобы саяси партиялардан, басқа қоғамдық бірлестіктерден, олардың құрылымды бөлімшелерінен, жоғары тұрған комиссиялардан құрылатын сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы түскен ұсыныстарды өңдеумен және жинаумен айналысады. Әр саяси партия сәйкес сайлау комиссиялар құрамына тек қана бір өкілден енгізеді. Саяси партиялар және оның құрылымдық бөлімшелері сайлау комиссиялар құрамына осы саяси партиялардың мүшесі емес кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялармен, басқа қоғамдық бірлестіктермен, жоғары тұрған комиссиялармен Жұмысшы тобына ұсынылған құжаттар тізбесіне енеді:

1) Саяси партиялар немесе басқа қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері туралы Әділет органында тіркелген құжаттың көшірмесі;

2) Сәйкес сайлау комиссиясы құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партиялар немесе басқа қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері, жоғары тұрған сайлау комиссиясы органы отырысының хаттамасының үзіндісі;

3) Аудандық мәслихатына сайлау комиссиясы жұмысына қатысуға келісім туралы кандидаттың өтініші, кандидат туралы биографиялық деректер.

59. Сайлау комиссияларының құрамының жобасын дайындаған кезде Жұмысшы топ бірінші кезекте саяси партиялардың ұсыныстарын жетекшілікке алады, содан кейін 7 мүшеден кем ұсынысы кезінде, басқа қоғамдық бірлестіктер және жоғары тұрған сайлау комиссияларының кандидатуралары есепке алынады.

60. Жаңа сайлау комиссияларының құрамына ұсыныстар түсу мерзімі аяқталуы бойынша Жұмысшы топ сессия шешімдерінің жобаларын және сайлау комиссия мүшелерін сайлау бойынша бюллетеньдер дайындайды.

61. Шешімдер жобалары және бюллетеньдер жеке дайындалады.

1) аймақтық сайлау комиссиясы бойынша

2) округтік сайлау комиссиясы бойынша

3) учаскелік сайлау комиссиясы бойынша

62. Саяси партиялармен, басқа қоғамдық бірлестіктер және жоғары тұрған сайлау комиссиялармен сайлау комиссиясына ұсынылған барлық кандидатуралар шешімдер жобаларына және бюллетеньдерге түскен және Жұмысшы тобының арнайы журналында тіркеу кезегі бойынша енгізіледі.

63. Сайлау комиссия құрамына бюллетеньдерді сессияда қатысқан барлық аудандық мәслихаттың барлық депутаттары алады және өздері жеке толтырады. Дауыс беру қорытындысын сессияда құрылған есеп комиссиясы қорытындылайды. Есеп комиссиясының сандық құрамы және төрағасы мәслихаттың сессиясында анықталады. Сессияда қатысқан депутаттардың көбі дауыс берген комиссия мүшелері сайланды деп саналады.

64. Саяси партиялардан түскен ұсыныстар сәйкес сайлау комиссиялар мүшелерінің санына (жеті) тең келген кезде Жұмысшы топ мәслихат сессиясына осы сайлау комиссиясының құрамына дауыс беру ұсынысын енгізеді. Саяси партиялардың түскен ұсыныстары сәйкес сайлау комиссиялар мүшелерінің санынан көп (жетіден көп) түскен кезде Жұмысшы топ мәслихат сессиясына осы сайлау комиссиясын сайлау бойынша рейтингтік дауыс беруін өткізуді ұсынады.

Саяси партиялардан түскен ұсыныстар сайлау комиссиялар мүшелерінің санына (жетіден кем) жеткіліксіз кезде Жұмысшы топ бюллетеньге бос орынға басқа қоғамдық бірлестіктерден түскен кандидатураны, ал бұндай кандидатура жоқ болған кезде жоғары тұрған сайлау комиссиялармен ұсынылған кандидатураларды енгізеді (түсу кезегіне сәйкес тәртіппен). Бос орынға түскен ұсыныстар олардың санына тең кезде Жұмысшы тобы сессияда осы комиссия құрамы үшін дауыс беруге ұсыныс енгізеді. Бос орынға түскен ұсыныстар олардың санынан асқан кезде, Жұмысшы топ мәслихат сессиясында комиссия құрамына саяси партиялар өкілдерін сайлау, ал бос орынға рейтингтік дауыс беруді өткізуді ұсынады.

Егер ұсынылған кандидатуралар саны жетіге сәйкес келетін сайлау комиссиясы құрамы бойынша дауыс беру барысында мәслихат депутаттары

нақты кандидатураға қарсылық білдірсе, ол сол партиядан немесе қоғамдық бірлестікпен ұсынылған басқамен ауыстырылады. Бұл процедураны бір реттен артық емес өткізу ұсынылады.

65. Бюллетеньге үміткерлердің тегі, аты, әкесінің аты кандидатура қандай партиядан (жоғары тұрған комиссиядан, басқа қоғамдық бірлестіктерден) ұсынылғанын көрсетумен енгізіледі. Тегінің оң жағында депутаттар белгі жасайтын (крест-х, галочка-У) төрт бұрыштар бейнеленген. Депутаттар жеті шаршыға белгі жасайды.

66. Дауыс беру қорытындысы мәслихаттың сессиясында Есеп комиссиясының төрағасымен жарияланады.

67. Есеп комиссиясының төрағасы оның төрағаларын, төрағасының орынбасарларын және хатшыларын сайлау бойынша ұйымды сайлау комиссиясының отырыстарын өткізу мерзімі туралы хабарлайды (құрылғаннан соң жеті күндік мерзімнен кешіктірмей). Есеп комиссиясының төрағасы сайлау комиссиясының ұйымды отырысын жүргізетін сайлау комиссиясының мүшесі туралы хабарлайды. Осы кандидатура Есеп комиссиясымен алынған дауыс санының көптігі бойынша анықталады.

68. Мәслихат хатшысы "Қазақстан республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңмен сәйкес сайлау комиссияларының құрамдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен қамтамасыз етеді. Материалдар (оған қосымшалармен) баспаның бір нөмірінде орналасуы тиіс.

69. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңмен қарастырылған жағдайда мәслихат сәйкес сайлау комиссиясының мүшесін босату және бұрынғының орнына сайлау туралы шешім қабылдайды. Босаған қызметті алуға осы сайлау комиссиясында өкілдері жоқ саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктерден ұсыныста қабылданады.

70. Сессияда сайлау комиссиясын сайлаған кезде мәслихаттар "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Заңына байланысты, бір ұйымның қызметкерлерінен құрылуын болдырмау, міндетті түрде сәйкес әкімшілік аймақтық бірлік аймағында тұруын есепке алу керек. Сайлау комиссиясының мүшесі болып Президенттікке кандидаттар, Парламент және мәслихаттар депутаттары сенімді тұлғалар, өзін-өзі басқару органдарының мүшелері, кандидаттардың жұбайы және жақын туыстары және сол сияқты кандидаттың тікелей қарамағындағы тұлғалар бола алмайды.

15 тарау. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

71. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы депутаттар ішінен аудандық мәслихатымен сайланады.

72. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы аудандық мәслихат депутаттарының жалпы сандарынан дауыстар көпшілігімен ашық дауыс берумен с а й л а н а д ы .

73. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы алдыңғы мәслихат сессиясында сайланады. Сессия төрағасы жоқ болғанда оның уәкілеті аудандық мәслихат сессиясының хатшысымен жүзеге асырылады.

Аудандық мәслихаттың депутаты күнтізбелік жыл аумағында 2 реттен артық с а й л а н а а л м а й д ы .

74. Аудандық мәслихат сессия төрағасы.

1) Аудандық мәслихат сессиясының шақырылымы туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

2) Аудандық сессиясын дайындаумен жетекшілікті жүзеге асырады, сессия кү н т ә р т і б і н к ұ р а д ы .

3) Аудандық мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, аудандық мәслихат регламентін сақтауды қамтамасыз етеді.

4) Аудандық мәслихаттың шешімдеріне, хаттамаларға, аудандық мәслихат сессиясында бекітілген немесе қабылданған басқа құжаттарға қол қояды.

75. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы өзінің қызметін босатылмаған негізінде жүзеге асырады.

76. Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы егер аудандық мәслихат сессиясында депутаттар дауыс тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығын қолданады.

16 тарау. Аудандық мәслихаттың хатшысы

77. Аудандық мәслихат хатшысы тұрақты негізінде жұмыс істейтін лауазымды тұлға болып табылады. Ол аудандық мәслихат депутаттарының жалпы санынан дауыстың көпшілігімен ашық немесе құпия дауыс берумен сайланады және қызметінен оның сессиясында аудандық мәслихатпен босатылады. Аудандық мәслихаттың хатшысы мәслихаттың өкілеттік мерзіміне с а й л а н а д ы .

78. Аудандық мәслихаттың хатшысы қызметіне кандидатура аудандық мәслихат сессиясының депутаттарымен ұсынылады.

79. Ашық дауыс беруді өткізген кезде төрағалық етуші дауыс беруге қойылған ұсыныстар санын көрсетеді, құрылымдарын анықтайды. Әр депутат дауыс бергенде бір дауысқа ғана бере алады және ұсыныс үшін, оған қарсы, қалыс қалуға береді. Дауыстарды есептеген соң төрағалық етуші сессияда дауыс беру қорытындылары бойынша ұсыныстарды немесе бас тартуды қабылдау туралы депутаттар шешімдерін жариялайды.

80. Жасырын дауыс беруді өткізу үшін және оның қорытындыларын анықтау үшін депутаттар санынан есеп комиссиясын ашық дауыстармен сайлайды. Оған аудандық мәслихат хатшысымен сайлау үшін ұсынылған депутаттар кіреді. Есеп комиссиясының өз құрамынан комиссия төрағасы және хатшысын сайлайды. Есеп комиссиясының шешімі оның мүшелерінің дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Бюллетеньдер бекітілген нысан және нақты сан бойынша есеп комиссиясының бақылауымен дайындалады. Дауыс беру уақыты және орны, жүргізу тәртібі есеп комиссиясымен белгіленеді және есеп комиссиясы төрағасымен жарияланады. Жасырын дауыс беру бюллетеньдерді депутаттарға есеп комиссиясы мүшелерімен аудандық мәслихат депутаттарының куәліктерін, жеке бастарының куәліктерін, төл құжаттарын көрсету бойынша депутаттар тізіміне сәйкес беріледі. Бюллетеньді толтыру жасырын дауыс беру үшін арналған кабинада дауыс беретін кандидаттың аты-жөнінің қарсысындағы "иә" сөзін белгілеу жолымен өткізіледі. Бюллетеньдер, егер ол бекітілген үлгіде болмаса және белгіленген депутаттарды анықтай алмаса жарамайтын болып саналады. Жасырын дауыс беру туралы есеп комиссиясы мүшелерімен қол қойған хаттамалар құрады. Дауыстарды есептегеннен соң төрағалық етуші сессияда ұсыныстарды және бас тартуларды қабылдау туралы дауыс беру қорытындысы бойынша депутаттар шешімдерін жариялайды.

81. Мәслихат хатшысы сайлауын өткізу тәртібі келесідей белгіленеді.

Бір кандидатты ұсынған кезде
Кандидат аудандық мәслихат депутаттарының жалпы санынан дауыстың көпшілігін жинау қажет

Екі кандидаттан көп ұсынған кезде
Егер бірде-бір кандидат дауыстың көпшілігін жинай алмаса көп дауыс жинаған екі үміткер бойынша қайта дауыс беру белгіленеді. Қайта дауыс бергенде аудандық мәслихат депутаттар санынан көп дауыс жинаған үміткер сайланды деп саналады.

82. Егер депутат өзінің қызметін денсаулығы бойынша, өтініш және басқа себептер бойынша атқара алмаса аудандық мәслихат депутаттарының жалпы санынан дауыс көпшілігімен жасырын дауыс берумен немесе ашық дауыс берумен қызметінен жедел босатылады.

83. Аудандық мәслихат хатшысы.

1) Мәслихат сессиясына қарастыруға енгізілген мәселелерін дайындауды ұйымдастырады, хаттаманың құрылуын қамтамасыз етеді және төрағамен бірге аудандық мәслихат сессиясында бекітілген немесе қабылданған басқа құжаттарға шешімдерге қол қояды.

2) Аудандық мәслихат депутаттарына өздерінің өкілеттерін жүзеге асыруға көмектеседі, оларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етеді, депутаттардың

аудандық мәслихат сессиясына қатысу үшін, ұдайы жұмыс істейтін комиссия жұмысына және сайлау округтерінің жұмысына қатысуы үшін қызметтік міндеттерінен босату мәселелерін қарастырады.

3) Депутаттардың сұраныстарын және депутаттар өңдеулерін қарастыруды қ а д а ғ а л а й д ы .

4) Аудандық мәслихат аппаратының қызметін басқарады, лауазымға белгілейді және оның қызметкерлерін қызметтен босатады.

5) Аудандық мәслихатқа сайлаушылардың өңдеулері туралы және олар бойынша қолдаған шаралар туралы үнемі ақпарат береді.

6) Аудандық мәслихаттың аудандық басқару органдарымен қарым-қатынасын ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

7) Өзінің құзыреттік мәселесі бойынша өкімдер шығарады.

8) Ұдайы жұмыс істейтін комиссияның және басқа аудандық мәслихат органдарының және депутаттар топтарының қызметтерін үйлестіреді.

9) Аудандық мәслихатты мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктер қатынасында ұ с ы н а д ы .

10) Аудандық мәслихат шешімдерін жариялауды қамтамасыз етеді, олардың орындалуын қадағалау бойынша шараларды анықтайды.

11) Аудандық мәслихат шешімі бойынша басқа қызметтерді орындайды.

84. Аудандық мәслихат хатшысы аудандық мәслихаттың ұдайы жұмыс істейтін комиссиясында бола алмайды.

85. Аудандық мәслихат хатшысы болмаған кезде аудандық мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша оның өкілетін уақытша ұдайы жұмыс істейтін комиссияларының төрағасының біреуі жүзеге асырады.

86. Аудандық мәслихат депутатына, егер тұрақты негізде мәслихат хатшысына сайланған жағдайда аудан әкімінің орынбасары үшін бекітілген еңбекақысы белгіленеді.

17 тарау. Аудандық мәслихат депутаты

87. Аудандық мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүддесінің есебімен аудан халқының еркін білдіреді.

88. Аудандық мәслихат депутатының өкілеті аудандық мәслихатының сайлау комиссиясында аудандық мәслихат депутаты сапасында тіркелгеннен басталады және аудандық мәслихат өкілеті тоқтатылған кезден доғарылады.

89. Аудандық мәслихат депутаттарының өкілеттері шұғыл доғаратын ж а ғ д а й л а р :

1) Қызметке депутатты белгілеу және сайлау депутаттық заңдылыққа сәйкес

депутаттың міндеттерін орындалумен үйлеспесе.

2) Депутатты қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі заң күшіне ену.

3) Аудандық мәслихатының өкілетін тоқтату.

4) Депутат өлімі.

5) ҚР азаматтығын жоғалту.

6) Соттың айыптауына заң күшінде депутаттың қатысына ену.

7) Аудан шегіне тұрақты орын ауыстыруы.

8) Депутаттың қызметтен кету туралы өтінішіне байланысты.

9) Депутаттың өзінің міндетін жүйелі орындамау, соның ішінде себепсіз пленарлық отырыстарға аудандық мәслихат сессиясына қатарынан үш реттен көп қ а т ы с п а у ы .

90. Депутаттың өкілетін жедел тоқтату туралы шешім аудандық мәслихат сессиясында аудандық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша қатысқан депутаттардың жалпы санынан дауыстың көпшілігімен қабылданады.

91. Депутат аудандық мәслихат біліктілігіне қатысты мәселелер бойынша сессия төрағасына, аудандық мәслихат хатшысына, аудан әкіміне, ұйымдар кәсіпорындар жетекшілеріне сұраныспен бара алады. Сұраныс аудандық мәслихат сессиясында ауызша және жазбаша түрде енгізіледі. Жазбаша түрде енгізілген сұраныс жариялауға жатады. Аудандық мәслихат сессиясында сұраныс берген мемлекеттік орган, лауазымды тұлға ол бойынша ауызша жауап беруі керек. Сұраныс жауабы 20 күн ішінде, ал қосымша-тексерісті қажет етпейтін сұраныстарға жауап - 10 күн ішінде берілуі керек. Қосымша тексеріс жүргізуді қажет ететін жағдайда аудандық мәслихатпен жауап мерзімі созылуы тиіс, ол туралы аудандық мәслихат депутатына хабарланады. Сұранысқа жауап бойынша және оны талқылау қорытындысы бойынша қажетіне қарай аудандық мәслихат шешім қабылдайды.

18 тарау. Аудандық мәслихат депутатының өкілетін жүзеге асыру кезіндегі міндеттері және құқықтары

92. Д е п у т а т қ ұ қ ы л ы .

1) Аудандық мәслихат сессиясының төрағасына, мәслихат хатшысына, тексеру комиссия төрағасына немесе ұдайы жұмыс істейтін комиссия төрағасына немесе мүшесіне басқа аудандық мәслихат органдарына сайлауға және с а й л а н ы л а а л а д ы .

2) Аудандық мәслихат сессиясында және оның ұдайы жұмыс істейтін комиссия және басқа органдарда қарастыру үшін мәселелер ұсынуға, шешім қабылдауда және қарастыруда қатысу.

3) Мәслихат құзырлығына қатысты мәселелер бойынша аудан аймағындағы

орналасқан жергілікті ұйымдар атқарушы органдарына үндеулерін жолдайды және сұраныстармен өңдейді.

4) Өзінің округіндегі сайлаушылармен және сол сияқты жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдарымен жиналыстар және кездесулер өткізу.

Аудандық мәслихат біліктілігіне қатысты мәселелер бойынша аудан маңында орналасқан жергілікті атқарушы ұйымдар және органдардың лауазымды тұлғаларының есептерін аудандық мәслихат сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізеді.

Аудандық мәслихат отырыстары жұмыстарына қатысады.

Аудандық мәслихатының және оның органдарының отырыстары хаттамаларымен және стенограммаларымен танысады.

Саяси партияның депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктерді құрады. Саяси партияның депутаттық топтарын бес адамнан кем емес біріктірулері қажет. Саяси партияның депутаттық топтарын аудандық мәслихат сессиясында тіркейді.

Заңдылықтармен қарастырылған басқа әрекеттерді жүзеге асырады.

93. Депутат міндетті:

Ол құрамына сайланған аудандық мәслихат және оның органдары жұмыстарына қатысу.

Өз округінің сайлаушыларымен үнемі байланыста болуға, аудандық мәслихат шешімдерінің орындалуы, ұдайы жұмыс істейтін комиссия және басқа органдарының қызметтері және аудандық мәслихат жұмыстар туралы үнемі ақпараттар беруге, аудандық мәслихат шешімдерін орындауға, тексеруге және ұйымдастыруға қатысуға.

Оған түскен сайлаушылар үндеулерін қарастырады, үнемі азаматтардың қабылдауын жүргізеді.

94. Аудандық мәслихаттың әр депутатына кедергісіз және тиімді өкілетін жүзеге асыру үшін оның құқын, намысын және абыройын қорғауға кепілдік береді.

19 тарау. Депутаттық қызметті жүзеге асырумен байланысты шығындардың орнын толтыру

Сессияны, ұдайы жұмыс істейтін комиссия және басқа органдардың отырыстарын өткізген кезде, бекітілген тәртіппен депутаттық өкілет тәртібімен жүзеге асыру кезінде көрсетілген қызмет бойынша бір жылға дейін жұмыс өтілімен орта көлемдегі еңбекақысы аудан әкімі аппараты жетекшісінің еңбекақысынан аспайтын, негізгі жұмыс орны бойынша орта еңбекақысы көлемінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен депутатты қызметтік міндетінен

жол уақытын есептеумен сессияны жүргізу мерзіміне іс сапарлық шығындардың орнын толтырумен босатылады.

20 тарау. Аудандық мәслихат өкілетін доғару үшін негіздер

95. Аудандық мәслихаттың өкілеті Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген оның өкілетінің мерзімі аяқталуы бойынша тоқтатылады.

96. Аудандық мәслихаттың өкілеті Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының ұсынысы бойынша Қазақстан Республика Сенатының Парламентімен келесі жағдайда тоқтатылады.

1) Әлденеше (екі және одан көп) сот тәртібімен заңсыз деп танылған, шешім қабылдауда көрсетілген Қазақстан Республикасының Конституцияларын және заңдарын бұзу.

2) Ауданды тарату және жабу.

3) Депутаттар санынан үштен екі дауысы кем болмағанда жасырын дауыс берумен өзін-өзі тарату туралы мәслихатпен шешім қабылдау.

4) Ауданды дамыту әлеуметтік және экономикалық бағдарламасының жоспарларын екі еселі жергілікті бюджетпен бекітілгенін көрсететін аудан әкімдігімен жеңілмейтін келіспеушілігінде.

5) Аудандық басқару сызбасы екі еселі бекітілмегенін білдіретін аудан әкімімен жеңілмейтін келіспеушілігінде.

21 тарау. Аудан әкіміне сенімсіздігін білдіретін аудандық мәслихат өкілеттіктері

97. Аудандық мәслихат депутаттардың жалпы санынан үштен екісінің дауысымен аудан әкімінің сенімсіздігін білдіріп, облыс әкімі алдында қызметінен босатуы туралы сұрақ қоюға құқылы.

98. Аудан әкіміне сенімсіздігін білдіру туралы мәселелерін аудан мәслихатымен қарастыру үшін негіз, аудандық бюджеттің ауданның дамуының әлеуметтік және экономикалық бағдарламасының жоспарларын орындау туралы өкіммен екі еселі бекітілмеген ұсынылған есептері болып табылады.

22 тарау. Аудандық мәслихат аппараты

99. Аудандық мәслихаттың аппараты аудандық мәслихатты және оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалды-техникалық қамтамасыз етуін жүзеге асырады, депутаттарға өкілеттерін жүзеге асыруға

к ө м е к

к ө р с е т е д і .

100. Аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметкерлерінің қызметтері Қазақстан Республикасы заңдылығымен сәйкес жүзеге асырылады.

101. Аудандық мәслихат өкілеттігінің аяқталуымен, аудандық мәслихат өкілеті жедел тоқтатылған жағдайда және оның құрамына жаңа депутаттарды сайлағанда, аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметкерлерінің қызметтері тоқтатылмайды.

102. Аудандық мәслихат аппараты аудандық бюджет есебінен ұсталынатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

103. Аудандық мәслихат аппаратының жұмысы ауданының әкімімен бекітілген ол туралы ереже негізінде құрылады.